

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тіл және қоғам. 3-бөлім

5-тарау. Тіл және қоғам





Тілдің дамуы маңызды ішкі құрамдас бөліктерден тұратын биологиялық процесс. Ата-аналар балаларына ана тілдерінің грамматикалық ережелерін үйретпейді. Шындығында, олар мұндай ережелердің бар екенін де білмейді. Керісінше, жас бала өзі тыңдап өскен тілдің бұл ережелерін табиғи тұрғыдан қабылдайды. Біздің оқуды және жазуды үйрену жолдарымыз ауызша немесе ым тілін игеру тәсілімізден мүлдем бөлек.

Ең алдымен және ең бастысы, бала оқуды мектеп жасына жеткен кезде үйрене бастаса, сөйлеу немесе ымдау процесі ерте кезден басталады. Екінші маңызды ерекшелік, қажетті тілдік орта болған жағдайда, оның қандай да болсын тілдік-мәдени сипатына қарамастан, балалар ауызша/ым тілін игере алса, оқуды немесе жазуды ешқашан үйренбейтін балалар да болады. Оның бір себебі, олар тілдің жазу түрі болмайтын мәдени ортада туып-өсуімен байланысты болса керек. Өкінішке қарай, кейде білімді ортада дүниеге келсе де, кейбір балалардың оқып үйрене алмайтын кездері болады. Бұл оларда нақты бір оқу қабілетінің жетіспеушілігімен яғни, дизлексиямен немесе басқа да тексеруді қажет ететін үйрену қабілетінің төмен болуымен немесе оларды басынан дұрыс оқытпаумен байланысты. Дегенмен сауатсыз бала немесе ересек адам өз тілінің грамматикасын саналы түрде түсінетіндіктен, қатысымға еніп, басқаларды еркін түсіне алады.

Ауызша тілдің дамуы мен оқып үйрену арасындағы тағы бір маңызды айырмашылық – оқу үшін нақты бір нұсқау мен саналы түрде талпыныс қажет болса, тілді игеру үшін олардың қажеті жоқ. Көп жылдар бойы оқуды үйрету үшін қандай тапсырмалар дұрыс болатыны жайлы біраз талас болып келді. Осыған байланысты үш негізгі тәсілді тексеріп көрді. Біріншісі – сөздерді тұтас оқу тәсілі (whole word approach), әңгімеде қайталанатын сөздерге көңіл аударып, балаларға елу немесе жүз сөзді қатарынан оқып шығуға үйретеді. Мысалы, 1950 жылдары оқып үйренген адамдарға жақсы таныс Дик пен Джейн топтамасындағы Run, Spot, Run сөздері. Қалған сөздерді жүре келе үйренеді. Бұл тәсіл бойынша балалар сөздерді оларды құрайтын жеке дыбыстарға сәйкес дауыстап оқуға үйренбейді. Керісінше, бұл тәсіл тілді бір ғана жазбаша таңба, біртұтас сөзді немесе сөздің түбірін білдіретін қытай тіліндей логографиялық жүйе ретінде қабылдайды. Басқаша айтсақ, сөздерді тұтас оқу тәсілі әр тілдік белгі – тілдің жеке бір дыбысын былайша айтқанда, фонемасын білдіретін ағылшын тіліне сай келмейді. Бұл өте өкінішті жағдай, өйткені, алфавиттік жазу жүйесін үйрену өте оңай және кез келген тілді транскрипциялауда таптырмас әдіс.

Екінші тәсіл яғни, оқытудың фонетикалық тәсілі әріптер мен оларға қатысы бар дыбыстардың сәйкестігіне көңіл аударылады. Бұл тәсіл балаларға әріпті, сосын өздерінің дыбыс-әріп сәйкестігі жөніндегі білімдеріне сүйене отырып, сөздерді оқуды үйретеді. Егер мұндағы е дыбысының оқылмайтынын түсіне отырып gave сөзін оқи алсаңыз, save және rave сөздерін де еш қиындықсыз оқитын боласыз. Алайда ағылшын және басқа да тілдерде дыбыстар мен әріптер толығымен бір-біріне сәйкес келмейді. Мысалы, gave, save, rave сөздеріне келетін ережені have сөзіне қолдана алмаймыз.

Осындай көптеген ерекшеліктің болуы кейбір мектептердің тұтас тіл тәсілі (whole language approach) деп аталатын үшінші тәсілді қабылдауына алып келді және бұл тәсіл 1990 жылдары кеңінен қолданылды. Мұндағы басты қағида фонеманы жеке үйретуге болмайды. Керісінше, бала мәтінді оқи отырып, дыбыстар мен әріптердің арасына өзі байланыс орната алуы керек.

Тұтас тіл тәсілінің негізгі қағидасы – сөйлеуге үйрену сияқты оқуға үйрену де табиғи процесс, сондықтан, балалар оған ешкімнің көмегінсіз өздері қол жеткізуі керек. Алайда басында айтып кеткеніміздей, бұл болжамға қатысты біраз сұрақ туындайды. Осы тәсіл бойынша мұғалімнің басты міндеті – оқу тәжірибесін мүмкіндігінше көңілді өткізу. Осыған байланысты балалардың жазу мен сөздерге деген қызығушылығын ояту үшін оларға қызықты кітаптар беріліп, өздерінің әңгімелерін жазуға ынталандыру маңызды.

Тұтас тілді үйрену тәсілінің интуитивті жолын айтпағанда, жақсы әдебиеттен үйрене отырып, шығармашылықпен айналысудың тәлімдік артықшылығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Көптеген зерттеулер әріптер мен дыбыстардың арасындағы байланысты түсінудің оқу кезіндегі маңызы жоғары екенін көрсетіп отыр. Бұл тәсіл туралы болжамдардың біріне сәйкес талапты ересек үйренушілер оқу кезінде әріптерді дауыстамай, іштей оқиды. Осыған байланысты мұны жақтаушылар оқу кезіндегі әріптерді дауыстап оқудың қажеті бар ма деген сұрақ қояды. Алайда зерттеулер басқаша нәтиже көрсетіп отыр: дарынды ересек адамдар



әріптерді іштей дыбыстап айтады және оны өте жылдам жасайды. Тағы бір зерттеу кезінде өздеріне таныс емес араб әріптерін үйреніп жүрген университет студенттерін салыстырып көреді. Бірінші топ фонетика тәсілін қолданса, екінші топ сөзді тұтас оқу тәсіліне жүгінеді. Нәтижесінде фонетикалық тәсілді қолданатындардың көптеген жаңа сөзді оқи алатыны байқалды. Осындай нәтижеге балалардың оқып-үйренуін компьютер арқылы үлгілеу тәсілі арқылы да қол жеткізуге болады. Сабақ кезінде фонетика тәсілін тұтас сөз немесе тұтас тіл тәсілімен салыстырып жүргізген зерттеуде де енді бастап оқи бастағандар үшін фонетикалық тәсілдің жоғары нәтиже көрсететіні анықталды.

Осы мәселеге орай психологтар мен зерттеу жүргізетін лингвистер қолдайтын және көптеген оқытушылар жақтайтын көзқарас – оқу тапсырмалары балалардың әріптер мен дыбыстар арасындағы тығыз байланысты түсінуіне бағытталуы керек және балалар үшін оқуды қызықты ойынға айналдыратын тұтас тілдік тапсырмалар фонетикалық тәсілдерге көмекші ретінде қолданылғаны жөн. Осындай зерттеулер негізінде федералды үкімет АҚШ-тың барлық жерінде фонетикалық тапсырмаларды оқу бағдарламаларына енгізу мәселесін көтеруде.

Құлағы еститін балалар дыбыс пен әріптің сәйкестігі жөніндегі білімін оқу кезінде қолдана алса, құлағы естімейтін балалардың мұндай фонологиялық тәсілді қолдану мүмкіндігі жоқ. Мұндай балалар үшін оқып-үйрену біраз қиындық туғызады әрі саңыраулар қауымының сауаттылық деңгейі өте төмен. Орта есеппен алғанда, Америка Құрама Штаттарындағы орта мектепті бітірген балалар төртінші сынып деңгейінде ғана оқи алады, бұл газетті оқуға ғана жеткілікті деген сөз. Алайда кейбір саңырау балалар құлағы еститін балалар секілді өте жоғары деңгейде оқып үйрене алады. Фонологиялық кодты білмей, олар бұл жетістікке қалай жетті? 1960 жылдардан бұрын АҚШ-тағы саңырау балаларды ерін қозғалысын оқып, дыбыстарды айыра білуі үшін тыңдау құрылғыларын пайдалану арқылы ауызша тапсырмалардың көмегімен оқытатын.

Қазіргі кезде кеңінен қолданатын тәсіл мұндай балаларға, ең алдымен көптеген ым тілінің бірі – қолмен кодталған ағылшын (Manually coded English) (MCE) деп аталатын ым тілін үйрету. ASL-ден айырмашылығы – MCE синтезделген және ағылшын тілінде ауызша ғана айтуға болатын (-s көптік жалғауы және -ed өткен шақ жалғауы сияқты грамматикалық бірліктер) сөздерді алмастыруға арналған. Демек, MCE синтаксисі мен морфологиясы ауызша ағылшынға жақын. Қарым-қатынас құралы ретінде MCE-де сөйлеу сәл басқаша, ол ағылшынның әрбір сөзін аударып отырып, французша сөйлеуге тырысумен пара-пар. Туындайтын тағы бір қиындық – екі тілде үнемі дерлік бір-біріне сәйкес келетін формалар бола бермейді. Ым тіліне келгенде қиындық көбейе түседі, өйткені, ым тілінде көп өлшемді кеңістік қолданылса, ауызша тілдерде бұл жүйелі түрде болады. Сәйкесінше, MCE табиғи ым тіліндей болуы үшін саңырау балалар оны көп жағдайда өзгертіп айтады. Мысалы, олар жазу кеңістігін қалауынша пайдалана алады. Алайда саңыраулармен жұмыс істейтін көптеген оқытушы ағылшынды ыммен білдіру олардың ағылшынша оқуын жеңілдетеді деп ойлайды.

Ең қызығы, ең жоғары нәтиже көрсеткен мылқаулар – ауызша ағылшынның интенсив курстарына мүлдем қатыспағандар. Керісінше, түрлі зерттеулер мылқау ата-анадан туған, ASL белгілерін ертеден үйренген және жетік білетін мылқау балалардың еститін ата-анадан туған, ASL белгілерін білмейтін немесе кейінірек үйренген мылқау балаларға қарағанда жақсы оқитынын көрсетіп отыр. Осыған байланысты кейбір зерттеушілер мылқау балалардың жақсы оқи білуінің ең басты факторы олардың тілді жақсы білуі деп ойлайды. Мылқаулар үшін ASL сияқты басқа да ым тілі қолжетімді болғандықтан, ASL мен ағылшынның құрылымының мүлдем бөлек екеніне қарамастан бұл олардың оқуын жеңілдетеді. Тағы бір айта кетер жайт, ата-анасы еститін, MCE белгілерін солардың көмегімен үйренген және оны жақсы қолдана алатын мылқау балалар да мылқау ата-анадан туған балалардай жақсы оқи алады.

Ым тілі мен мылқауларды оқыту жөніндегі маңдай алды зерттеулердің авторы Рейчел Мэйберридің айтуынша, бұл «түсінікті тілдің оқып үйренуде басты рөл атқаратынын дәлелдейді».

Алдында айтып өткеніміздей, Америка Құрама Штаттарында көптеген қостілді қауымдастықтар бар. Олардың мүшелерінің ағылшын тілін білу деңгейі әртүрлі. АҚШ-қа келгелі көп болмаған кейбір адамдар ағылшын тілін мүлдем білмесе, кейбірі онша жақсы білмейді, ал кейбірі екі тілде де жақсы сөйлейді. Ана тілін дамыту үшін арнайы білімнің қажеті шамалы және ана тілін үйрену процесі бала мектепке бармай тұрып-ақ орын алады. Алайда көптеген баланың ана тілі мектепке барғанда қажет болмай қалады. Зерттеушілер, оқытушылар, ата-аналар



және қарапайым халық арасында мектеп жасындағы балаларға ағылшын тілін үйретудің ең жақсы тәсілі мен олардың ана тілін сақтап, дамытудың артықшылығы жөнінде қызу пікірталас болып келді. Америкалық мектептерде келімсек балаларды қостілділікке үйрететін бірқатар бағдарлама бар.

Transitional Bilingual Education (TBE) деп аталатын бағдарлама бойынша оқушыларға тапсырма ағылшын тілінде де, ана тілінде де беріледі де, ана тілі екі-үш жылда қолданысқа енеді. Қостілділікті сақтау (Bilingual maintenance /BM) бағдарламалары бойынша балалар мектеп бітіргенше қостілді сыныпта қала береді. Dual Language Immersion немесе екі тілде қатар білім алу бағдарламасы бойынша сыныптағы ағылшын тілінде сөйлейтін балалар мен ана тілі басқа тіл болып табылатын балалардың саны тең болуы керек.

Мұндағы мақсат – барлық баланың екі тілде сөйлеуіне мүмкіндік жасау. Мұндай бағдарламалар ағылшын тілінде сөйлемейтін балалар үшін BM бағдарламасының, ағылшын тілінде сөйлейтін балалар үшін шет тілін үйрену бағдарламасының рөлін атқарады.

Көптеген зерттеуге сүйенсек, келімсек балаларды өз ана тілінде оқытудың маңызы аса жоғары. Екі тілді сыныптар балалардың ағылшын тілін үйрене жүріп, мектепке тән сөздерді, сөйлеу стилін және тілге қатысты басқа да жағдаяттарды алдымен өз ана тілінде үйренуіне мүмкіндік жасайды. Бұл олардың оқу материалын игеріп, ағылшын тілін үйрену кезінде басқа балалардан қалып қоймауына да мүмкіндік береді. Әртүрлі бағдарламалардың тиімділігін салыстыруға бағытталған кейінгі кезде жасалған зерттеулер қос тілде білім алатын балалардың деңгейінің тек ағылшын тілінде білім алатын балалардан жоғары екенін, BM бағдарламасына қатысатын балалар TBE бағдарламасына қатысатын оқушылардан алда екенін көрсетті.

Қостілділік бағдарламаларының келімсек балаларға тигізер пайдасына қарамастан, бұл бағдарламаларға 1970 жылдан бері қарсылық көбейіп келеді. Соңғы бірнеше жылда қостілді білім беруге қарсы шерулер Калифорния, Аризона, Массачусетс сияқты бірнеше штатта болды. Мұндай іс-шаралар келімсектердің Sheltered English Immersion (SEI) немесе ағылшынды басқалардан оқшау үйрену бағдарламаларына сәйкес «ағылшын тілінде ғана оқыту арқылы ағылшын тілін үйрету» қажеттігін талап етеді. Бұл пікірді жақтаушылар күнделікті сынып жұмысына еркін араласуы үшін жас балаларға бір жылдық SEI жеткілікті деп біледі. Алайда зерттеулер бұл пікірді растамайды.

Зерттеулерге сүйенсек, SEI бағдарламасына қатысатын балалардың 3–4%-ы ғана, қостілді бағдарламаларға қатысатын балалардың 13–14%-ы ғана ағылшынды бір жыл ішінде игере алады. Сондай-ақ балалардың көбі екі-бес жыл арасында ауызша ағылшын тілін толық игеріп шықса, академиялық ағылшын тілі үшін оларға төрт-жеті жыл қажет екенін зерттеулерден байқауға болады.

Қос тілде білім беруге байланысты зерттеулер мен ұлттық мүдде арасындағы мұндай айырмашылықтың бірнеше себебі бар. Қостілділік бағдарламаларын дұрыс іске асырмағаннан болып, қажетті нәтижеге қол жеткізе алмайды. Сондай-ақ қостілділік бағдарламаларын іске асыру аса қымбатқа түседі деген пікір де бар. Қостілділік бағдарламасын қолдамаудың тағы бір себебі келімсектердің келуіне қарсы болуымен байланысты. Алайда еш бөтен ойы жоқ, балаларды кеңінен таралған тілде оқытқан жағдайда олар академиялық және әлеуметтік тұрғыдан көп жетістікке жетеді деп есептейтін адамдар да баршылық.

Стандарт ағылшынға жақынырақ, мектепте қолданатын тілден басқа ағылшын диалектісінде сөйлеудің біраз кемшілігі бар. Сауат ашу нұсқаулықтары негізінен СААТ-та жүргізіледі. Осыған байланысты, ААЕ мен СААТ арасындағы фонологиялық және грамматикалық айырмашылықтардан ААЕ тілінде сөйлейтін балалардың оқып-жазуы қиынға түсіп отыр деген пікірлер қалыптасты.

Стандарт емес диалектіде сөйлейтіндердің сауатын ашудың жақсы жолы бидиалектизм тәсілін қолдануға ынталандыру. Бұл тәсіл балаларға оқып, жазу және сабақта талқылауға қатысуға қажетті екінші диалектіні яғни, СААТ-ты үйрете отырып, олардың өз тілін мақтан тұтып, өз тілін бейресми жағдайда, отбасы мен достары арасында қолдануына мүмкіндік береді. Салыстыру мақсатында Швейцария, Германия, Италия сияқты елдерде балалар отбасында стандарт емес диалектіде сөйлеп, мектепке кірген соң стандарт тілді үйренетінін айта кеткен жөн. Бұл отбасы диалектісі мен мектеп/ұлт тілін біріктіретін бидиалектизмнің артықшылығын тағы да дәлелдей түседі. Отбасы тіліне түсіністікпен қарайтын білім беру бағдарламалары



стандарт диалектіні жеңіл жолмен игерте алады. Олай болса, қос диалектілік тәсілі де екі диалект арасындағы фонологиялық және грамматикалық айырмашылықтар туралы сыныпта талқылау жұмысын қамти алумен қатар, бұл оқытушылардан ААЕ сияқты басқа да азшылық диалектісінің лингвистикалық сипаттары мен жалпы тіл білімін түсінуді талап етеді.

Көп адам достарымен басқаша, жұмысқа қатысты сұхбатта немесе сабақта таныстырылым жасағанда басқаша, балалармен басқаша, ата-анасымен басқаша сөйлеседі. Мұндай «жағдаяттық диалектілерді» стиль немесе регистрлер деп атайды. Әр адамның өзіндік ресми және бейресми стилі болады. Бейресми жағдайда қысқартулар көптеп қолданылады, болымсыз және болымды сөйлемдердің синтаксисі өзгереді және ресми стильде жол берілмейтін көптеген сөз қолданылады. Бейресми стильде ресми стиль кезінде қолданылмайтын көптеген қысқарту болғанымен, олар да ережеге бағынады. Мысалы, зат есім қызметін атқаратын уоу есімдігі келген кезде сұрақтар қысқарып, көмекші етістіктер сөйлемнен алып тасталынады.

Сіз ресми түрдегі Are you running the marathon? сөйлемінің орнына бейресми түрде Running the marathon? немесе You running the marathon? деп сұрай аласыз. Бейресми тілді анархия деп түсінуге болмайды. Оның өз ережесі бар, бірақ, алып тастау, қысқарту немесе сөз таңдау ережелері ресми тілден өзгеше. Адамдар ресми және бейресми тілдерге қатысты бірнеше стильді қатар меңгере береді. Стильдер әдетте адамдардың топқа қатыстылығын анықтауға және бейәдеп сөздерді қолданыстан алып тастауға мүмкіндік береді.

Көптеген мәдениеттің стильді басқаратын әлеуметтік мінез-құлық ережесі болады. Еуропалық тілдер бейресми уоу мен сыпайы түрде қолданылатын уоу есімдіктерін айырып көрсетеді. Неміс тілінің du, француз тілінің tu сөздері тек жақын таныс адамдарға ғана қолданылса, sie және vous сөздері ресми жағдайда, таныс емес адамдарға қатысты қолданылады. Тай тілінде бір-бірімен сөйлесіп тұрған адамдардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты қолданылатын «eat» (жеу) сөзінің үш түрі бар. Әлеуметтік жағдайлар тілдің қолданылу жағдайына әсер етеді. Алайда негізгі грамматикаға сәл-пәл өзгеріс кіргенімен, жалпы алғанда сол қалпы қалады.

Бейресми тілдің тағы бір белгісі – слэнг көп кездеседі. Слэнг дегеніміз – кез келген адам қолданатын және білетін, бірақ, ешкім нақты анықтап бере алмайтын нәрсе. Ол әдеттегі тілмен салыстырғанда метафораға толы, қызық, қысқа, айқын және аз ғана уақыт өмір сүреді. Бұрыннан келе жатқан сөздерге жаңа мағына үстей отырып, слэнг тілге көптеген жаңа сөздер алып келді. Spaced out, right on, hang-up, drill down, rip-off сияқты сөздер қазір кеңінен қолданылады. Сондай-ақ слэнгпен бірге barf, flub, hoodie, dis сияқты сөздер де қолданысқа енді. Слэнг сөздерге жаңа мағына да үстеп жатады. Мысалы, rave сөзінің мағынасы кеңейіп, «an allnight dance party» яғни, түні бойы болатын би дегенді білдірсе, crib сөзі біреудің үйі дегенді білдіреді. Ал pig және fuzz сөздері – полиция қызметкері дегенді кемсітіп айту жолы. Сондай-ақ rap, cool, dig, stoned, split, suck сөздерінің барлығы – өздерінің семантикалық мағыналарына жаңа мағына үстеген сөздер. Толығымен қабылданбағандықтан, мысал ретінде келтірілген сөздер слэнг сияқты естілуі мүмкін. Dwindle, freshman, glib, mob сөздерінің барлығы – өздерінің байырғы мағынасын жоғалтқан бұрынғы слэнг сөздер. Осыған байланысты слэнгтер мен әдеттегі сөздерді айырып көрсету мүмкін бола бермейді. Слэнг пен ресми тіл арасындағы шегара дұрыс анықталмаған және нақты бір шектеуден гөрі, оларды ұдайы араласып жатады деуге болады. Слэнгтің пайда болу жолдары өте көп.

Мына сөздер ұйымдасқан қылмыстық топтардың слэнгінен шыққан: crack, payola, to hang rare; ал келесі сөздер университет слэнгі: crash, wicked, pease. Ол Ақ үйде де пайда болуы мүмкін: pencil (writer), still (photographer), football (black box of security secrets).

Слэнг – әмбебап. Ол барлық тілде бар және барлық уақытта болған. Бір аймақтағы слэнг екінші аймаққа, бұрынғы слэнгтер қазіргілеріне ұқсамайды. Слэнгті тілді бұзу деп емес, әлеуметтік қажеттіліктен туған деп қабылдаған жөн. Бұл тіл иелерінің шығармашылық шексіздігін де білдіреді.

Кез келген ғылым, мамандық, сауда және кәсіп түрінің жаргон немесе арго деп аталатын слэнгі болады. Кейбірі осы кітапта қолданылатын лингвистикалық жаргон фонема, морфема, лексика, тіркестік құрылым ережесі сияқты терминдерден тұрады. Арнайы терминологияның қажет болу себебі, бір жағынан коммуникацияның түсінікті жүзеге асырылуымен байланысты болса, екінші жағынан өздерімен мүдделес адамды танып-білуге көмектеседі. Түрлі мамандар мен әлеуметтік топтар қолданатын жаргондар өте көп және мағынасы түсініксіз болғандықтан, Лос-Анжелестегі Қылмыстық соттың кітапханасында медициналық терминдерге, гангстерлер



слэнгіне, сауда аттарына, компьютер атауларына және көше слэнгіне арналған кітаптар бар. Компьютер дәуірі технологиялық революцияға бастап қана қойған жоқ, слэнг тілімен айтқанда, computerese деп аталатын компьютер хакерлері мен т.б. қолданатын бірқатар жаргонды дүниеге алып келді. Мұндай арнайы сөздіктің көп екені соншалық, Webster's New World Computer Dictionary деп аталатын сөздік мыңдаған компьютерлік терминді қамтитын төрт жүз беттен тұрады. Көптеген адамға жақсы таныс мұндай сөздерге modem (modulator-demodulator), bit (binary digit), byte (eight bits) сияқты сөздерді жатқызуға болады. Компьютерлік жаргондар акронимдер мен әріптік қысқартуларға толы. ROM (read-only memory), RAM (random-access memory), CPU (central processing unit), DVD (digital video disk) – осындай сөздердің бір парасы ғана.

Уақыт өте келе, кейбір жаргондар стандарт тілге айналуы мүмкін. Жаргон да слэнгтің барлық түрі сияқты алдымен аз топтың арасында пайда болып, кейіннен кеңінен тарап кетеді. Бір газеттегі мақалада мынадай сөйлемдер болды: «Бұл жексенбілік мектеп емес, бұл – заң мектебі, – деді сот қорғаушыларға. Ол сот процесі кезінде әдепсіз сөздердің қолданылуына шыдай алмайтынын ескертті. – Мен мұндағы адамдар мен болашақ алқа билердің ұят сөздерді естігенін қаламаймын». Тілді қалай ұят дей аламыз? Шындығында, ол қалай таза бола алады? Тілдің ұят немесе әдемі болуы тыңдаушының немесе қоғамның оны қалай естіп, қабылдайтынына байланысты.

Жазушы Пол Теру былай дейді: «Басқа тілдегі әдепсіз сөздердің оны жас кезінде үйреніп, қандай кезде қолдану қажет екенін білетін адамдардан басқалары үшін еш ұяттығы жоқ». Қандай да бір дыбыстар тізбегін таза немесе лас, әдемі немесе жаман деп бөле алмаймыз. Қолыңызды кесіп алған кезде prick (кесу) сөзін қолдансаңыз, ешкім сізге назар аудармайды. Ал университет оқытушысын бұлай атасаңыз, «жаман сөз» айтқан болып шығасыз.

Тіліңіздегі қандай сөздер әдепсіз сөздерге жататынын және қай кезде оларды қолдануға болатынын немесе болмайтынын, қай кезде оны айту ұят деп есептелетінін білесіз. Бұл барлық тілдегі сөйлеушілерге қатысты. Барлық қоғамда табу сөздер бар (табу дегеніміз – «тыйым салынған» дегенді білдіретін тонған сөзі). Қайда болса да, адамдар өздерінің сезімі мен көзқарасын білдіру үшін осындай сөздерді қажет ететін болуы керек. Тыйым салынған іс-әрекеттер мен сөздер белгілі бір салт-дәстүр мен көзқарасты білдіруі мүмкін. Жынысқа, жыныс мүшелеріне және дененің табиғи қызметіне қатысты сөздер кейбір мәдениеттерде табу болып есептеледі. Кей жағдайда бір ғана лингвистикалық мағынасы бар екі-үш сөздің немесе тіркестердің ішінен бір ғана сөзді қолдануға болса, қалғандары табу болып есептеледі. Ағылшын тілінде латыннан енген сөздер «ғылыми» болып есептелетіндіктен, «таза» сөздер деп қабылданады, ал олардың англо-саксондық синонимдері – табу.

Табу сөздер мен ол туралы ойлардың болуы евфемизмдердің пайда болуына алып келді. Эвфемизм дегеніміз – табу сөздің орнына қолданылып, қорқынышты немесе көңілге жақпайтын заттарды алмастыру үшін қолданылатын сөздер немесе тіркестер. Көптеген елде өлімнен қорқатын болғандықтан, оған байланысты көптеген евфемизм пайда болды. Олар to die деудің орнына to pass on немесе to pass away дегенді қолданады. Немесе жақсы көретін адамдарының жерлеу рәсімімен айналысып жүрген адамдарды morticians немесе undertakers деудің орнына funeral directors деп атайды. Feminine protection ұғымы тағы бар...

Барлық тілдер мен қоғамда табу болатыны сияқты, олардың барлығында евфемизмдер бар. Жоғарыда айтып кеткен бақаны білдіретін takka сөзі сунилік діни рәсім кезінде күрделі сөздермен алмастырылумен қатар, оларды сөзбе-сөз аударғанда «several-are-sitting-in-a-shallow-basin-where-theyare-in-liquid» яғни, «бірнеше адам таяз ыдыстың ішіндегі суда отыр» деп аударылады. Нәжіс пен жыныстық әрекеттерді білдіретін евфемизмдер тіптен көп, оларды слэнг онлайн сөздіктерінен де табуға болады. Ол жерден кіші дәретке баруды білдіретін siphon the python, point Percy at the porcelain сияқты тіркестерді, жыныстық қатынасты білдіретін shag, hide the ferret (salami, sausage), toss a little leg сияқты сансыз сөздерді таба аласыздар.

Бұл евфемизмдер мен қолдануға болатын «сыпайы латын сөздері және «арам» англо-саксон сөздері арасындағы айырмашылықтар сөздер мен сөз тіркестерінің денотативті мағынасымен қатар, көзқарасты, сезімді, құндылықты және тағы басқаны білдіретін коннотативтік мағынасының да бар екенін көрсетеді. Тілді үйренген кезде балалар қай сөздің табу екенін білетін болады және бала өсіп-жетілетін отбасы мен топ құндылықтарына қарай бұлар әркім үшін әрқалай болып келеді.



Түрлі дін, ұлт немесе нәсіл өкілдерінің эпитетті қалай қолданатыны бізге олар туралы ақпарат береді. Kike (еврейлер үшін), wor (итальяндықтар үшін), nigger немесе coon (африкандық америкалықтар үшін), slant (азиаттар үшін), towelhead (таяу шығыс арабтары үшін) нәсілшілдікті ғана емес, қоғамның шовинистік көзқарасын білдіреді. Эпитеттер сияқты естілетін сөздерді де қолданудан аулақ болған жөн.

Әдепсіз сөздер, біреуге тіл тигізу, табу сөздер және эвфемизмдер туралы дәрістерден тілдегі сөздердің шынымен де жаман немесе жақсы болып естілуі жеке адамның немесе қоғамның құндылығын білдіретінін көрдік.

Әйелдерге қатысты келесі сөздер оларды кімнің қолданғанына байланысты түрлі мағына үстейді: a castrating female, ballsy women's libber, courageous feminist advocate. Ертеде жарық көрген сөздіктер сол кездегі әлеуметтік көзқарасқа қатысты сілтемелер беріп кететін.

XX ғасырдың кейбір сөздіктерінде «womanish tears», «feminine wiles» сөздерінің орнына «manly courage», «masculine charm» сөздерін қолданған. Қазіргі сөздіктер ондай сөздерді қатаң сүзгіден өткізумен қатар, оларды сөздікке қоспайды. Бертінге дейін «My cousin is a professor (or a doctor, or the chancellor of the university, or a steelworker)» (Менің жиенім профессор, дәрігер, университет қазынашысы немесе болат қорытушы) деген сөйлемді естіген адам жиенді ер адам деп, ал «My cousin is a nurse (or elementary school teacher, or clerk-typist, or house worker)» (Менің жиенім медбике, бастауыш сынып мұғалімі, хатшы немесе үй қызметшісі) сөйлеміндегі жиенді әйел адам деп қабылдайтын.

Қазір қоғам өзгеріп жатқандықтан, бұл көзқарас та өзгеруде және бұрын тек әйел немесе ер адам атқаратын жұмысты қазір қайсысы болса да атқара береді. Заманның өзгеріп жатқанына қарамастан, әйелдерді кемсітетін сөздер әлі де жетіп артылады: dish, piece, piece of ass, piece of tail, bunny, chick, pussy, bitch, doll, slut, cow сияқты сөздер олардың тек бірнешеуі ғана. Ерлерге қатысты айтылатын boy toy, stud muffin, hunk, jock сияқты сөздер де болғанымен, олар әйелдерге қатысты айтылатын сөздер сияқты намысқа тиетіндей ауыр емес.

Тарихқа көз жүгіртсек, әлемнің барлық елі мен ондағы адамдар құпия тіл мен тілдік ойындар ойлап тауып келді. Олар бұл арнайы тілді өз топтары арасында сөйлесу немесе сырт адамдардан өздерінің не туралы айтып жатқанын жасыру мақсатында қолданды. Осындай тілдің бірі – үшінші ғасырдағы империалистік Қытайдағы жыныстық тұрғыдан кемсітуге толы қоғамда әйелдердің бір-бірімен сөйлесуі үшін пайда болған Қытай әйелдерінің Nushu деп аталатын құпия жазуы.

Америкалық құлдар құл иеленушілер түсіне алмайтын құпия белгілер ойлап тапты.

Рухани әндерде кездесетін «The promised land» (уәде етілген жер), «fight of the Israelites from Egypt» (израильдықтардың мысырлықтарға қарсы күресі) сияқты сөздер Солтүстік пен жерасты темір жолының құпия сөздері болатын. Pig Latin және Ubbi Dubbi сөздері балалар мен ересектер үшін көңіл көтеруді білдіреді. Мұндай сөздер әлемнің барлық тілінде бар болуымен қатар, түрлі формада кездесе береді. Кейбірінде әр сөзге а суффиксі жалғанады. Басқаларында әр дауысты дыбыстан кейін буын болады. Сондай-ақ фонемалардың орны ауысатын рифмалық ойындар да болады. Бразилиядағы осындай ойында барлық дауысты дыбыстың орнына /i/ дыбысы қолданылады. Орталық Аустралияның Уолбири деп аталатын байырғы халқында сөздің мағынасын өзгертетін тілдік ойындар бар. Бұл тілдік ойын бойынша барлық зат есімдер, етістіктер, есімдіктер және сын есімдер семантикалық тұрғыдан қарсы мағыналас сөздермен алмасады. Сондықтан Those men are small (ана еркектер кішкентай) сөйлемі This woman is big (Мына әйел үлкен) болып ауысады. Бұл тілдік ойындар лингвистердің дескриптивті грамматика үшін қолданған фонемалары, сөздер, морфемалар, семантикалық сипаттар және т.б. туралы мәлімет береді. Ол адам тілі мен сол тілде спикерлердің ойлап табу мүмкіндігінің шексіз екенін де көрсетеді.

Олай болса, дәрісімізді былай қорытындылауға болады. Әрбір адамның идиолект деп аталатын сөйлеу жолы бар. Топ адамдар қолданатын тіл диалект деп аталады. Тілдік диалектілер сол тілдің бір-біріне түсінікті болып келетін түрі болуымен қатар бір-бірінен жүйелі түрде ерекшеленеді. Диалектілердің пайда болу себебі тілдегі өзгерістерге байланысты. Бір топта немесе аймақта пайда болатын тілдік өзгерістер бір-біріне ұқсамайды. Осылайша, аймақтық және әлеуметтік диалектілер пайда болады. АҚШ-та қолданылатын өңірлік диалектілердегі кейбір ерекшеліктер ағылшын отар қоныстанушылары сөйлеген диалектілерден бастау алады.



Оңтүстік Англия тұрғындары бір диалектіде, солтүстік Англия тұрғындары басқа бір диалектіде сөйледі. Сондай-ақ Англиямен тығыз байланыста болған қоныстанушылар тілінде Британдық Англияда болып жатқан өзгерістер байқалса, батысқа қарай қоныстанып, Атлантика жағалауы тұрғындарымен қарым-қатынаста болған америкалықтарда тілдің ертедегі формасы сақталған. Өңірлік диалектілерді зерттеу нәтижесінде диалект атластары мен диалект картасы жасалып, онда белгілі бір өңірдің тілінде көрініс табатын нақты бір диалектілік ерекшеліктер белгіленді. Изоглосса деп аталатын шегаралық сызық әр өңірді бөліп көрсетеді.

Әлеуметтік диалектілер АҚШ-тағы африкалық америкалықтар сияқты топтардың әлеуметтік тұрғыдан топтасуы кезінде пайда болады. Олар африкалық емес адамдар сөйлейтін диалектіден өзгеше афро-америкалық (ауызекі) ағылшын тілінде сөйлейді. Диалектілік ерекшеліктерге фонологиялық немесе сөздердің айтылу ерекшелігі (акцент деп аталады), сөздік ерекшеліктер және синтаксистік ережелер жатады. Грамматикалық айырмашылықтар грамматикалық ұқсастықтар сияқты аса көп емес, сондықтан түрлі диалект өкілдері бір-бірімен қарым-қатынас жасай алады. Көптеген елде бір диалектіні немесе диалектілер тобын стандарты деп атайды. Мысалы, Стандарт америкалық ағылшын тілі (СААТ).

Бұл диалект лингвистикалық тұрғыдан үстем болмаса да, кейбір тіл пуристері оны тілдің ең дұрыс формасы деп есептейді. Мұндай көзқарас кейбір афро-америкалық ағылшын сияқты диалектілер стандарт емес болғандықтан, толық емес деген қате пікір туғызады. Афро-америкалық ағылшын тіліне жасалған зерттеулер оның логикаға сай, толық, ережеге бағынатын және басқа диалектілер сияқты экспрессивті екенін көрсетті. Бұл ана тілдері немесе ата-анасы сөйлеген тіл испан тілі болып келетін латындық америкалықтарға да қатысты. Қос тілді немесе бір ғана ағылшын тілінде сөйлейтін испандықтар бар. Чикано ағылшыны (ЧА) деп аталатын оңтүстік-батыста сөйлейтін латындық диалектіде испан тілінің әсерінен пайда болған, СААТ-тан өзгеше фонологиялық және синтаксистік айырмашылықтар бар. Басқа айырмашылықтарға стандарт емес этникалық және этникалық емес диалектілерге тән ерекшеліктерді жатқызуға болады.

Тілдік кодтың ауысуы дегеніміз – бір сөйлемнің ішінде бірнеше тілдің қатар келуі немесе қостілді адамның дискурсы. Бұл кезде екі тілдің грамматикасын қатар қолданумен қатар, ол «нашар» ағылшын, испан немесе басқа тіл дегенді білдірмейді.